

"Қостанай қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" мәслихаттың 2024 жылғы 9 ақпандағы № 80 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы № 141 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 31 желтоқсанда № 10347-10 болып тіркелді

Қостанай қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қостанай қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" мәслихаттың 2024 жылғы 9 ақпандағы № 80 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10142-10 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасындағы 6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе оның сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Қағидаларға сәйкес "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе "электрондық үкімет" веб-порталына тоқсанына бір рет жүгінеді.

"Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізі талаптардың тізбесі Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай қалалық мәслихаты төрағасының өкілеттіктерін
уақытша жүзеге асырушы*

А. Исмаилов